

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994 жылғы 15 наурыздағы N 273 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 қарашадағы N 1516 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1482 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1482 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қ.А. Иассауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994 жылғы 15 наурыздағы N 273 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

1) Қазақстан Республикасынан Қ.А. Иассауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті кеңесінің құрамына:

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты Ғайни Әлімұлы Қалиев енгізілсін;

2) көрсетілген құрамнан Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі